

Мәдениет

Тау ағаның туған жерге сапары

🕒 14.05.2025 📈 219



Қазақ баспасөзінің қадірлі ақсақалдарының бірі, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, өлке тарихымен үндесетін «Көз көргендер еді», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Ғасыр қасіреті», «Адам әлемі», «Кісенделген дала», «Ұжмақ елі», «Жазбады-ау демесін», «Дала геркулесі», «Тарихтың қанды іздері», «Тағдырлар тайталасы», т.б. жиырмадан астам тарихи-танымдық кітаптың авторы, журналист-жазушы Тауман Төреханов туған жері — Шалқарға келді.

Қалың жұртшылық оны қаламы қарымды журналист, қажырлы шағынан туған жерімен өзектес іргелі істердің ұйытқысы бола білген, өзіндік жолы бар азамат ретінде біледі.

Ол аудандық «Шалқар» газетін 30 жыл басқарып, қалам қуатынан нәр алған бірнеше буын журналист шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Сол ізбасарлары ұстаздарын «Тау аға» деп құрметтеп, сонысымен бұл есім — жалпақ оқырман санасына орнықты.

Қарт журналистің туған жеріне келіп, тағзым етуі — перзенттік адал парызы. Оның осы жасқа дейін жазған өткір сюжетті тарихи естелік әңгімелері шежірелі Шалқар топырағымен терең астасады. Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы Ұлт-азаттық қозғалысының басшысы болған, халық батыры Есет Көтібарұлының ер болмысын, оның батырлықпен үндескен өмір жолдарын шығармашылығына арқау еткен том еңбектері бір төбе. Ата жолымен тарқатсақ, Тау ағаның өзі де баһадүр батыр Есет Көтібарұлының тікелей ұрпағы.

Туған жерге жасаған осы сапарының аяқ босатар алғашқы аялдамасы — батыр және әулие бабалары Есет-Дәрібай кесенесінен басталды. Өзімен бірге сонау Алматыдан балаларын, немере-шөберелерін ертіп келген ақсақал жазу үстеліне отырарда әулие-батыр бабаларының әруақтарына сыйынып, қалам алатындығын айтып, бейіт басында көңілін босатты. Бабалар рухына арнап мал шалып, Құран бағыштады. Күре жол бойындағы кесене жанындағы шырақшы үйінде осы рәсімдерді ұйымдастыруға атсалысқан Есет Көтібарұлы ауылдық округінің әкімі Мирамғали Кенжалин бастаған азаматтарға алғысын білдіріп, батасын берді.



Тоқсан жылдан астам тарихы бар Шалқар ауданы шежіресінен сыр шертетін жергілікті тарихи-өлкетану музейіне ат басын бұрып, сөреде жиылған жәдігерлерді көріп, ақсақал байырғы заман ауыртпалығын, өмірінің өткен кезеңдерін есіне алды. Музей директоры Нағима Тілембаева өзі басқаратын мәдени орталықтың өлке тарихын насихаттау жолындағы жұмыстарын баян етті. Жазушы музей ұжымының толымды ісіне шығармашылық табыс тілеп, «Тағдыр тайталасы» атты күнделік-мемуарының соңғы топтамасына қолтаңба жазып, естелікке сыйлады.



Тау ағаның туған жерге келу құрметіне орай аудандық орталық кітапхананың Коворкинг залында «Өмірі — өнеге, сөзі — тағылым» атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Бұл шараға аудан әкімі Жанболат Жидеханов арнайы қатысып, Шалқар ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Тауман Алыбайұлының туған жердің мәдени-рухани өрісінің өркендеуіне қосқан еңбегін айтып, тоқсан жастың биігінде тұрып, алыс сапарға тәуекел етіп, кіндік қаны тамған жерге табан тіреуін — бақытты қарттыққа санады.

— Шалқар жұрты Сізді қарымды қалам иесі ретінде біледі. Сіз қайратты шағыңызды туған жердің төл баспасөзіне жұмсап, ел ішінде өлшеусіз еңбек еттіңіз. Кезінде шежірелі мекенімізге табан тіреген қазақ әдебиетіндегі алыптар шоғырының айтулы марқасқаларымен дәмдес болып, сыр шерткен сәттеріңіз бүгінде сарғайған баспа беттерінде сақталып, өшпес тарихқа айналды. Сол тұлғалардың өнеге өлшеміне, үлгі үрдісіне қаныға жүріп, өзіңіз де ізіңізді басқан шәкірттеріңізге ілтипат жасап, алға жетеледіңіз. Олар телегей тәжірибелі ұстазы ретінде сізді мақтан тұтады, — деп, Құттықтау хат табыстап, омырауына «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» медалін қадап, иығына қазақы дәстүрмен шапан жапты.

Аудандық «Шалқар» газетінен шыңдалған астаналық шәкірті, белгілі журналист Ғалымжан Төреханов та осы тәлімі зор шараның құрметті мейманы ретінде аудан басшысының сый-құрметіне бөленді.

Тау ағаны шығармашылыққа шыңдап, есімін жалпақ жұртқа танытқан, ауданмен үзеңгілес тарихы бар өлкелік «Шалқар» газетінің бүгінде тізгінін ұстап отырған шәкірті, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қыдыралы Әлин ұстазының ағалық қамқорлығы жайлы кең кесіліп, редакция атынан сый-сияпат жасады.



Коворкинг залға жиылған көзі қарақты меймандар алдында Тауман ақсақал байыппен сөз алып, «алтын уақыттарыңды алмаймын...» деп, ақ қағазға ықшамдап түртіп алған өмір жолын оқыды.

— Арда анамның айтуы бойынша, байларды тәркілейтін жылы көктемде (1928 ж.) дүниеге келіппін. Ол заманда туған баланы тіркейтін ресми орындар болмаған. Кейін 1937 жылы ауылдық кеңес мені 1931 жылдың 15 наурызында туған деп жазыпты.

1937 жылы бірінші класқа бардым. Үш класты «өте жақсы» бағамен аяқтадым. Ұлы Отан соғысы басталып, мұғалімімізді майданға алып кетіп, мектебіміз жабылды. Бізді колхоз малшыларының жәрдемшісі етіп жіберді. Кейінірек майданға тұз керек деп, Кішкене тұз көлінен ас тұзын шығаратын шахта ашты. Мен көлден тұз оятын сүйменші болып, Орынбор теміржолының Шалқар станциясына өгіз арбамен тұз тасып, оны ашық платформаларға тиеп, майданға жіберетін едік. Соғыс аяқтала сала колхоз басшылығы мені аңшы етіп, Ұлықұмға жіберді. Соғыспен ұрланған балалық өмір осылай басталды.

Кішкентайымнан қызық оқиғаларды дәптеріме жазып жүретінмін. Кейіннен өз ойымды, тірліктің кей сәттерінен күнделік жазу әдетіме айналды. Өсе келе, бұл қасиетім журналистік жолмен сабақтасып, туған жердегі «Шалқар» газетін ұзақ жылдар басқару мәртебесіне ие болдым, — деді қарт журналист.

Тау аға отбасылық өмірінде қосағы Балзада екеуі өмірге бес бала әкеліп, оларды өнегелі жолға тәрбиелеген. Кенже қызы Сәуле бүгінде Америкада ғылым жолымен айналысады. Өткен жылдың жазында ақсақал Лос-Анджелес қаласына саяхаттап, шалғай елден алған әсерін жергілікті баспасөз арқылы бөлісті.

Тауман Төреханов үлкейген шағында АҚШ-қа жасаған осы сапары туралы айтты. Алпауыт елдің әр штатында жетпіс бес күн түнеп, даласынан бір түп жусанды кезіктіре алмағанын тебірене жеткізіп, жастарға: «Туған жер қадірін біліңдер, ана тілдеріңді қызғыштай қорыңдар, өзге тілді де көп біліңдер» деген өсиетін жеткізді.

Алматыда тұратын ақсақал бар ғұмырын алаңсыз шығармашылыққа арнаған жазудың адамы. Өлкелік басылымда жүріп жазған алуан тақырыптағы мақалаларының дені өз кезеңінде еліміздің белді басылымдарына жарияланып, жоғары бағасын алған. Баспасөз саласы бойынша оның алған марапаттары да бір төбе.

Қалам құдіретіне адалдығымен ойлы оқырманның көңіл төрінен табылып, ғасырлық шыңға иек артқан Тау аға міне, осындай ғибратты ғұмыр иесі.

Мұхтар МЫРЗАЛИН.